

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ**

**«ҚАЗГИДРОМЕТ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРЫНЫ**

**ҚОРШАҒАН ОРТА НЫСАНДАРЫНДАҒЫ УЫТТЫ
ЗАТТАРДЫҢ ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ТАСЫМАЛДАНУЫ
ЖӨНІНДЕГІ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ
БЮЛЛЕТЕНІ**

Нұр-Сұлтан 2021

	МАЗМҰНЫ	бет
1	Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзендерінің жер үсті су сапасының мониторингі	3
2	Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзендерінің жер үсті суларының сапасын бағалау	3
3	2021 жылға қоршаған орта компоненттерінің радионуклеидты және макро-микроэлементті талдауының нәтижелері	5
4	Қосымша	18

1. Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзендерінің жер үсті су сапасының мониторингі

Жер үсті сулары ластану мониторингісінің мәліметтері 32 трансшекаралық өзендерде 38 гидрохимиялық тұстамалар бойынша өңделген (1.1-кесте):

Қазақстан Республикасы – Ресей Федерациясы

Ертіс – Прииртышское а., Есіл – Долматово а., Тобыл – Милютинка а. және Аққараға к., Желқуар – Чайковское к., Әйет – Варваринка а., Тоғызак - Тоғызак ст. және Михайловка к., Обаған – Ақсуат а., Үй – Үй а., Жайық – Январцево а., Шаған – Чувашинский к., Қараөзен– Жалпақтал а., Сарыөзен– Бостандыкский а., Елек – Целинный а. және Шілік а., Үлкен Қобда – Қобда а., Орь – Бөгетсай а., Шаронова –Ганюшкино а., Қиғаш – Котяевка а. өзендері.

Қазақстан Республикасы – Қытай Халық Республикасы

Қара Ертіс – Боран а., Іле- Добын, Текес – Текес а., Қорғас – Басқұншы және. Ынталы а. , Емел – Қызылту а., Баянкөл – Баянкөл а..

Қазақстан Республикасы – Өзбекстан Республикасы

Сырдария – Көкбұлақ а., Азаттық а., Келес- Келес өз. сағасы.

Қазақстан Республикасы – Қырғызстан Республикасы

Шу – Благовещенское а., Талас – Жасөрген а., Асса – Маймақ тж. ст., Ақсу – Ақсу а., Тоқташ – Жауғаш батыр к., Қарабалта – Қырғызстанмен шекарада, Сарықау – Қырғызстанмен шекарада, Қарқара – «таудан шығар жерде» өзендері.

2. Қазақстан Республикасының трансшекаралық өзендерінің жер үсті суларының сапасын бағалау

Қазақстан Республикасының су объектілерінің су сапасын бағалауға арналған негізгі нормативтік құжаттар «Су объектілерінде судың сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі» (бұдан әрі - Бірыңғай жіктеме) болып табылады.

ҚР су объектілерінің су сапасы Бірыңғай жіктеме бойынша* келесідей бағаланады:

Ресей Федерациясымен трансшекаралық өзендердегі мониторинг нәтижелері:

Су сапасының класы	Су пайдалану санаттарының сипаттамасы	2021 жылға су объектілері және су сапасы көрсеткіштері
1 класс (ең жақсы сапа)	Бұл су пайдалану барлық түрлеріне жарамды	1 су объектісі (1 өзен): Ертіс өзені
3 класс	- су рекреация, суару, өнеркәсіп үшін жарамды; - су балықтың тұқы түрлерін өсіру үшін жарамды; лас сорғыш үшін қажет емес; - шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін қалыпты және қарқынды су дайындау әдістері қажет	1 су объектісі (1 өзен): Шаған (жалпы фосфор, фосфаттар) өзені
4 класс	- су суару және өнеркәсіп үшін жарамды; - шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін терең су дайындау әдістері қажет	7 су объектісі (7 өзен): Есіл (магний, фенолдар*), Жайық (қалқыма заттары, фенолдар*), Ор (аммоний-ион, магний, фенолдар*), Елек (Целинный ау.) (магний, фенолдар*, хром (6+)*), Елек (Шілік а.) (фосфаттар, фенолдар*), Сарыөзен (фосфаттар, қалқыма заттары,

		фенолдар*), Үлкен Қобда (қалқыма заттары, фенолдар*), Тоғызак (Михайловка к.) (магний) өзендері.
5 класс	Су өнеркәсіптің кейбір түрлеріне ғана жарамды - гидроэнергетика, пайдалы қазбаларды өндіру, гидрокөлік	2 су объектісі (2 өзен): Әйет (қалқыма заттары), Үй (қалқыма заттар) өзендері.
>5 класс	Су пайдаланудың барлық түрлеріне жарамсыз;	7 су объектісі (8 өзен): Тобыл (Аққарға а.) (кальций, магний, қалқыма заттар, хлоридтер, ОХТ, минерализация) Тобыл (Милютинка ауылы) (қалқыма заттар, ОБТ ₅), Обаған (магний, сульфаттар, қалқыма заттар, хлоридтер, ОХТ, минерализация), Желкуар (қалқыма заттар), Тоғызак (Тоғызак а.) (қалқыма заттар), Қараөзен (хлоридтер), Қиғаш (қалқыма заттар), Шаронова (қалқыма заттар) өзендері.

* Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР АШМ СРК 09.11. 2016 жылғы №151 Бұйрық).

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Қытай Халық Республикасымен трансшекаралық өзендердегі мониторинг нәтижелері:

Су сапасының класы *	Су пайдалану санаттарының сипаттамасы	2021 жылға су объектілері және су сапасы көрсеткіштері
1 класс (ең жақсы сапа)	Бұл су пайдалану барлық түрлеріне жарамды	1 су объектісі (1 өзен): Қара Ертіс өзені
2 класс	- су балық өсіру, рекреация, суару, өнеркәсіп үшін жарамды; - тек шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін қарапайым су дайындау әдісі қажет	1 су объектісі (1 өзен): Баянкөл (жалпы фосфор) өзені.
3 класс	- су рекреация, суару, өнеркәсіп үшін жарамды; - су балықтың тұқы түрлерін өсіру үшін жарамды; лас сорғыш үшін қажет емес; - шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін қалыпты және қарқынды су дайындау әдістері қажет	3 су объектісі (3 өзен): Іле (аммоний-ионы, магний), Қорғас (Басқұншы) (магний), Қорғас (Ынтыалы) (аммоний-ионы), Текес (аммоний-ионы, магний), өзендері.
4 класс	- су суару және өнеркәсіп үшін жарамды; - шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін терең су дайындау әдістері қажет	1 су объектісі (1 өзен): Емел өзені (магний)

* Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР АШМ СРК 09.11. 2016 жылғы №151 Бұйрық).

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Өзбекстан Республикасымен трансшекаралық өзендердегі мониторинг нәтижелері:

Су сапасының класы *	Су пайдалану санаттарының сипаттамасы	2021 жылға су объектілері және су сапасы көрсеткіштері
4 класс	- су суару және өнеркәсіп үшін жарамды; - шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін терең су дайындау әдістері қажет	2 су объектісі (2 өзен): Сырдария – Азаттық а. (сульфаттар, фенолдар*), Көкбұлақ а. (сульфаттар, фенолдар*), Келес (өзен сағасы) (сульфаттар, фенолдар*) өзендері

* Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР АШМ СРК 09.11. 2016 жылғы №151 Бұйрық).

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Қырғызстан Республикасымен трансшекаралық өзендердегі мониторинг нәтижелері:

Су сапасының класы *	Су пайдалану санаттарының сипаттамасы	2021 жылға су объектілері және су сапасы көрсеткіштері
3 класс	- су рекреация, суару, өнеркәсіп үшін жарамды; - су балықтың тұқы түрлерін өсіру үшін жарамды; лас сорғыш үшін қажет емес; - шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін қалыпты және қарқынды су дайындау әдістері қажет	1 су объектісі: (1 өзен): Қарқара (магний) өзені.
>3 класс	- су суару және өнеркәсіп үшін жарамды	1 су объектісі: (1 өзен): Шу (фенолдар) өзені.
4 класс	- су суару және өнеркәсіп үшін жарамды; - шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін терең су дайындау әдістері қажет	1 су объектісі: (1 өзен): Сарықау (сульфаттар, магний, фенолдар*) өзені.
5 класс	Су өнеркәсіптің кейбір түрлеріне ғана жарамды - гидроэнергетика, пайдалы қазбаларды өндіру, гидрокөлік	1 су объектісі: (1 өзен): Қарабалта (сульфаттар) өзені.
(>5 класс)	Су пайдаланудың барлық түрлеріне жарамсыз;	4 су объектісі: (4 өзен): Талас (қалқыма заттар), Асса (қалқыма заттар), Ақсу (қалқыма заттар), Тоқташ (қалқыма заттар) өзендері

Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесі (ҚР АШМ СРК 09.11. 2016 жылғы №151 Бұйрық).

* - бұл кластағы заттар нормаланбайды

Гидрохимиялық көрсеткіштер бойынша трансшекаралық өзендердің сапасы жөніндегі ақпарат 1-қосымшада көрсетілген.

ҚР трансшекаралық өзендерінде жер үсті суларының келесі жоғары ластануы (ЖЛ) және экстремалды жоғары ластануы (ЭЖЛ) тіркелді:

Қазақстан Республикасының 8 трансшекаралық өзенінде 94 жоғары ластану (ЖЛ) және 4 экстремалды жоғары ластану жағдайлары тіркелген: Елек өзені (Ақтөбе обл.) – 9 ЖЛ жағдайы, Тобыл өзені (Қостанай обл.) – 1 ЭЖЛ және 36 ЖЛ жағдайлары, Обаған өзені (Қостанай обл.) – 3 ЭЖЛ және 36 ЖЛ жағдайлары, Әйет өзені (Қостанай обл.) – 1 ЖЛ жағдайы, Үй өзені (Қостанай обл.) – 2 ЖЛ жағдайы, Тоғызак өзені (Қостанай обл.) – 2 ЖЛ жағдайы, Желкуар өзені (Қостанай обл.) – 7 ЖЛ жағдайлары, Сарыөзен өзені (БҚО) – 1 ЖЛ жағдайы тіркелді (2-қосымша).

3. 2021 жылға қоршаған орта компоненттерінің радионуклеидты және макро-микроэлементті талдауының нәтижелері

«Ядролық физика институты» РМК есеп кезінде 2021 жылдың көктемі мен күзінде «Қазгидромет» РМК-мен алынған қоршаған орта нысандарын

радионуклеидты және элементті анализ әдістерімен зерттеудің лабораториялық-аналитикалық жұмыстарды жүргізді.

1-суретте қоршаған орта сынамалары алу жұмыстары жүргізілген Қазақстанның трансшекаралық өзендері бассейніндегі нүктелер келтірілген.



1-сурет – Қазақстанның трансшекаралық өзендерінде бақылау пункттерінің орналасу сұлбасы

2021 жылдың көктем және күз мезгілдерінде іріктеліп алынған қоршаған орта объектілерінің радионуклидтік және элементтік құрамын зерттеу үшін олардың барлық сынамаларын алдын ала дайындау бойынша жұмыстар мынадай аналитикалық әдістермен жүргізілді:

1. Аспаптық гамма-спектрометрия (АГС) - топырақ, түптік шөгінділер үлгілерінің, сондай-ақ судың ерігіш (WD) және ерімейтін (WS) құрауыштарының радионуклидтік құрамын зерттеуге арналған.
2. Радиохимиялық талдау (РХТ) - судың ерігіш (WD) құрауыштарының радионуклидтік құрамын зерттеуге арналған.
3. Рентгенфлуоресценттік талдау (РФТ) – топырақ пен түптік шөгінділер үлгілерінің макро- және микроэлементтік құрамын зерттеуге арналған.
4. Нейтрон-активациялық талдау (НАТ) – топырақ, түптік шөгінділер үлгілерінің, судың ерігіш (WD) және ерімейтін (WS) құрауыштарының микроэлементтік құрамын зерттеуге арналған.
5. Индуктивті-байланысқан плазмалы масс- және атомдық-эмиссиялық спектрометрия (ИБП-МС, -АЭС) – судың ерігіш (WD) құрауыштарының микроэлементтік құрамын зерттеуге арналған.

1-ші және 2-ші қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған топырақ сынамаларын АГС әдісімен радионуклидтік талдау нәтижелері келтірілген.

3-ші және 4-ші қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған түптік шөгінділерді АГС әдісімен радионуклидтік талдау нәтижелері келтірілген.

5-ші және 6-шы қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған топырақ сынамаларын РФТ әдісімен элементтік талдау нәтижелері келтірілген.

7-ші және 8-ші қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған түптік шөгінділерді РФТ әдісімен элементтік талдау нәтижелері келтірілген.

9-шы және 10-шы қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған топырақ сынамаларын НАТ әдісімен элементтік талдау нәтижелері келтірілген.

11-ші және 12-ші қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған түптік шөгінділерді НАТ әдісімен элементтік талдау нәтижелері келтірілген.

13-ші және 14-ші қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған су сынамаларының ерігіш құрауыштарын (WD) АГС әдісімен радионуклидтік талдау нәтижелері келтірілген.

15-ші және 16-шы қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған су сынамаларының ерімейтін құрауыштарын (WS) АГС әдісімен радионуклидтік талдау нәтижелері келтірілген.

17-ші және 18-ші қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған су сынамаларының ерігіш құрауыштарын (WD) НАТ әдісімен элементтік талдау нәтижелері келтірілген.


19-шы және 20-шы қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған су сынамаларының ерімейтін құрауыштарын (WS) НАТ әдісімен элементтік талдау нәтижелері келтірілген.

21-ші және 22-ші қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған су сынамаларының ерігіш құрауыштарын (WD) РХТ әдісімен радионуклидтік талдау нәтижелері келтірілген.

23-ші және 24-ші қосымшаларда сәйкесінше, 2021 жылдың көктем (29-шы экспедиция) және күз (30-шы экспедиция) мезгілдерінде барлық бақылау пункттерінен іріктеліп алынған су сынамаларының ерігіш құрауыштарын (WD) ИБП-МС, -АЭС әдісімен элементтік талдау нәтижелері келтірілген.

2021 жылы Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің алаптарындағы барлық бақылау пункттерінен (БП) іріктеліп алынған қоршаған орта объектілерінің радионуклидтік және элементтік құрамының кейбір ерекшеліктерін қарастырайық.

АГС әдісімен алынған деректердің негізінде, 2021 жылдың көктем және күз мезгілдерінде барлық 15 мониторингтік БП топырақ пен түптік шөгінділердегі жекелеген радионуклидтердің мөлшерін көрсететін графиктер құрастырылды (2-ші және 3-ші суреттер).




2-сурет. Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің бақылау пункттеріндегі топырақ пен түптік шөгінділердегі жекелеген радионуклидтердің концентрациялары (29-шы экспедиция)

(1-4) қосымшаларда келтірілген деректер мен 2 және 3-ші суреттерде көрсетілген графиктер бұрынырақ болған барлық экспедициялардың келтірген деректерінің негізінде жасалған тұжырымдарды едәуір деңгейде растайды. ТРН концентрацияларының ең үлкен мәндері Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Қазақстан өзендерінің (Іле, Текес, Шу, Қарабалта, Сырдария) жағалық топырағында және түптік шөгінділерінде байқалады. Қазақстанның Батыс (Шаған, Жайық, Елек), Солтүстік-Батыс (Тобыл, Аят) және Шығыс (Қара Ертіс, Еміл) аймағындағы өзендерінің осы объектілерінде радионуклидтер концентрациясының деңгейі айтарлықтай төменірек. Барлық ТРН концентрацияларының ең төменгі мәндері Елек өзеніне (ЕК, Ақтөбе облысы) тиесілі. Көктем және күз мезгілдерінде Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймақтарындағы өзендерден бөлек, Ертіс өзені сағасының (КП – PR) түптік шөгінділерінде жекелеген ТРН (^{234}Th , ^{226}Ra , ^{214}Pb , ^{228}Ac , ^{224}Ra , ^{212}Pb және т.б.) жоғары мөлшерде болуы байқалады (2, 3-ші суреттер). Осы БП-де түптік шөгінділердегі ^{238}U мен ^{232}Th тобының барлық дерлік ТРН-нің концентрациясы осы өзеннің жоғарғы жағында IR бақылау пунктіндегі концентрациясынан шамамен 2 есеге артық. Бұл Ертіс өзенінің осы ТРН-мен Қазақстан аумағында

ластанатындығын білдіреді. Осы ластанудың көзін (немесе көздерін) анықтау қажет.

^{137}Cs жасанды радионуклидінің (ЖРН) біршама жоғары (бірақ қауіпті емес) концентрация мәндері көктемгі маусымда – Шу (Жамбыл обл., 12.2 Бк/кг) және Жайық (Батыс Қазақстан обл., 11.7 Бк/кг) өзендерінің, сондай-ақ күзгі маусымда – Аят (17.0 Бк/кг) және Қарабалта (12.7 Бк/кг) өзендерінің жағалық топырағында анықталды. Зерттелген өзендердің көпшілігінің түптік шөгінділерінде осы ЖРН концентрациясының деңгейі болмашы. Сонымен бірге, көктемгі маусымда – Талас (3.1 Бк/кг) өзенінің, сондай-ақ күзгі маусымда да – Талас (2.3 Бк/кг) өзенінің түптік шөгінділерінде осы радионуклидтің концентрациялары жоғары мәнге ие екенін атап өтуге болады.



3-сурет. Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің бақылау пункттеріндегі топырақ пен түптік шөгінділерде жекелеген радионуклидтердің концентрациялары (29-шы экспедиция).

РФТ әдісімен алынған деректердің негізінде графикалық құрылымдар орындалды (4, 5-ші суреттер), олар 2021 жылдың көктем және күз мезгілдерінде Қазақстанның барлық трансшекаралық өзендерінің мониторингтік бақылау пункттерінде іріктеліп алынған топырақ пен түптік шөгінділерінде жекелеген элементтердің (Ca, Rb, Ba, Sr, Zn, Y, Th, U, Nb, Pb, Zr, Cr) үлестірілуін көрсетеді. Осы РФТ және НАТ әдістері арқылы алынған графиктер мен кестелік деректерден (5-12 қосымшалар) шығатыны (осыдан бұрын анықталғандай), сілтілік және сілтілік жер элементтердің (K, Ca, Rb, Cs, Sr, Ba) жоғары мәнді концентрациялары Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Қазақстан аймақтарындағы өзендердің топырағы мен түптік шөгінділерінде байқалады. Бұл ерекшелік

барий мен стронцийдің үлестірілу мысалында айқын көрсетілген. Осы элементтердің жоғары мәндегі концентрациялары Еміл, Текес, Іле, Шу, Қарабалта, Талас және Сырдария өзендеріне тиесілі екендігі көрініп тұр. Бұдан бөлек, ол өзендердің түптік шөгінділерінде Nb, Pb, Th, U сияқты элементтердің және барлық сирекжерлік металдардың (СЖМ) концентрациялары едәуір мөлшерде.

Ертіс өзенінің «IR» БП-де (өзеннің Қазақстан аумағына кірер жері) және «PR» БП-де (өзеннің Қазақстан аумағынан шығатын жері) іріктеліп алынған түптік шөгінділерінің сынамаларын элементтік талдау нәтижелерін салыстырудан көрінетіндей, өзеннің осы бөлігінде көптеген элементтердің (Ti, Cu, Zn, Ga, As, Rb, Y, Zr, Pb, Th, U, Sb, Co, Sc, Hf, Ta, La, Ce, Nd, Sm, Eu, Tb, Yb, Lu) мөлшері (2-4) еседен аса артады. Бұл Ертіс өзенінің Қазақстан аумағында радионуклидтермен ғана емес, көптеген химиялық элементтермен де ластанатындығын білдіреді. Анықталған ерекшелік осы ластанудың көздерін айқындауға және механизмдерін белгілеуге бағытталған зерттеу жұмысын жүргізу қажеттілігін айғақтайды.




4-сурет. Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің бақылау пункттеріндегі топырақ пен түптік шөгінділерде жекелеген элементтердің концентрациялары (РФТ деректері, 29-шы экспедиция)

Көктемгі кезеңде жекелеген элементтердің ең көп мөлшері төменде көрсетілген өзендердің түптік шөгінділерінде анықталды (РФТ деректері бойынша), мкг/г:

- Шаған өз.: Cr – 493 мкг/г, Ni – 69 мкг/г;
- Жайық өз.: Cr- 318 мкг/г, Mn – 0.086%, Br - 19 мкг/г;

- Елек өз. (ИК): Zr – 294 мкг/г, Ba – 506 мкг/г;
- Тобол өз.: Zr – 368 мкг/г;
- Ертіс өз. (PR): Ti – 0.41 мкг/г, Y – 29 мкг/г, Zr – 382 мкг/г, Nb – 12 мкг/г, Pb – 15 мкг/г;
- Еміл өз.: Ti – 0.501 мкг/г, V – 180 мкг/г, Fe – 3.58 мкг/г, As – 18.4 мкг/г, Sr – 348 мкг/г, Ba – 588 мкг/г;
- Текес өз.: Ca – 7.2%, Br – 17.1 мкг/г, Pb – 20 мкг/г, Th – 10.6 мкг/г, U – 3.8 мкг/г;
- Шу өз.: Zn – 70 мкг/г, Ga – 13.1 мкг/г, Y – 29 мкг/г, Nb – 13.2 мкг/г, Pb – 27 мкг/г, Th – 14.2 мкг/г, U – 4.9 мкг/г;
- Қарабалта өз.: Fe – 3.68 мкг/г, As – 19.7 мкг/г, Sr – 329 мкг/г, Ba – 706 мкг/г, Pb – 18 мкг/г, Th – 10.3 мкг/г, U – 3.6 мкг/г;
- Талас өз.: Ca – 8.7%, Cu – 31 мкг/г, Br – 25.1 мкг/г, Sr – 398 мкг/г, Mo – 2.8 мкг/г, Pb – 25 мкг/г, U – 5.9 мкг/г;
- Сырдария өз.: Ca – 7.3 %, Ba – 741 мкг/г, Pb – 18 мкг/г, U – 3.1 мкг/г.



5-сурет. Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің бақылау пункттеріндегі топырақ пен түптік шөгінділерде жекелеген элементтердің мөлшері (РФТ деректері, 30-шы экспедиция)


Күзгі кезеңде жекелеген элементтердің ең көп мөлшері төменде көрсетілген өзендердің түптік шөгінділерінде анықталды (РФТ деректері бойынша):

- Шаған өз.: Cr – 322 мкг/г;

- Жайық өз.: Cr – 1178 мкг/г, Zr – 349 мкг/г; Ni – 53 мкг/г;
- Аят өз.: Cr – 322 мкг/г;
- Тобол өз.: Zr – 311 мкг/г;
- Ертіс өз. (Павлодар облысы): Ti – 0.4 %, Zn – 60 мкг/г, Ga – 12.7 мкг/г, Y – 33 мкг/г, Zr – 448 мкг/г;
- Еміл өз.: Ga – 13.1 мкг/г; Sr – 336 мкг/г, Ba – 629 мкг/г;
- Іле өз.: Ca – 5.9 %;
- Текес өз.: K – 2.24 %, Ca – 7.3 %, Rb – 107 мкг/г;
- Шу өз.: K – 2.23 %, Rb – 108 мкг/г, Th – 11.3 мкг/г, U – 4.8 мкг/г;
- Қарабалта өз.: Fe – 3.29 %, Cu – 23 мкг/г, Zn – 54 мкг/г, As – 18.3 мкг/г; Mo – 1.9 мкг/г, Sr – 355 мкг/г, U – 4 мкг/г;
- Талас өз.: Ca – 6.1 %, Br – 12.3 мкг/г, Sr – 342 мкг/г;
- Сырдария өз.: Ca – 7.3 %, Zn – 52 мкг/г, Pb – 19 мкг/г.


Келтірілген деректерден шығатыны, есеп беру кезеңінде келесі өзендердің арналары көктем және күз мезгілдерінде химиялық элементтермен көбірек ластанған болып шықты: Ертіс өзені (PR) – ластану көзі ретінде Шығыс Қазақстан облысының өнеркәсіп кәсіпорындарының қалдықтарын сақтау қоймалары болуы ықтимал; сондай-ақ Шу, Қарабалта, Талас, Сырдария өзендері – ластану көзі ретінде Ак-Түз кен орнында кенді өнеркәсіптік қайта өңдеу қалдықтары мен «Қара-Балта» ТКК (Қырғызстан) радиоактивтік қалдықтарды сақтау қоймасы; сондай-ақ Өзбекстан мен Тәжікстанның көптеген мамандандырылған өнеркәсіп кәсіпорындарының қалдықтары болуы ықтимал.

6-суретте Қазақстанның барлық бақыланатын трансшекаралық өзендерінің суларындағы U-238 және U-234 уран изотоптарының 2021 жылғы көктем және күз мезгілдеріндегі концентрациясының мәндері графиктер түрінде ұсынылған. Осы радионуклидтер концентрациясының ең үлкен мәндері Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы Шу, Еміл, Сырдария өзендеріне, және әсіресе, Қарабалта өзеніне тиесілі екендігі көрініп тұр. Дегенмен, олардың радиациялық белгі бойынша мөлшері тірі ағзалар мен қоршаған ортаға қауіп төндірмейтінін атап өту қажет, өйткені 2021 жылғы көктем (683 мБк/л) мен күз (603 мБк/л) мезгілдеріндегі U-234 радионуклидінің Қарабалта өзеніндегі концентрациясының ең үлкен мәндері ҚР «Араласу деңгейі» санитариялық нормативінде көрсетілген осы радионуклидтің судағы концентрациясы мәнінің (2.8 Бк/л) айтарлықтай елеусіз үлесін (сәйкесінше, 0.244 және 0.215) құрайды. Сонымен қатар, осы өзендердің алабында орналасқан мамандандырылған кәсіпорындардан (Қара-Балта, Ак-Түз, Востокредмет және т.б.) шығатын радиоактивті қалдықтардың едәуір мөлшерін ескере отырып, олардың суларының радионуклидтік және элементтік құрамын тұрақты бақылап отыру қажет.




6-сурет. 2021 жылғы көктем (жоғарғы сурет) және күз (төменгі сурет) мезгілдерінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің алабында іріктеліп алынған су сынамаларын радиохимиялық талдау нәтижелері

2021 жылғы көктем және күз мезгілдерінде барлық БП-ден іріктеліп алынған су сынамаларын ИБП-МС, -АЭС және НАТ әдістері арқылы микроэлементтік талдау нәтижелерінен көретіміз (17, 18, 23, 24-ші қосымшалар), көптеген өзендердің суларының құрамында табиғи таралғандығына сәйкес келетін деңгейдегі зерделенген элементтер бар. Сонымен қатар, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан аймағындағы: Қарабалта, Еміл, Талас өзендерінің суларында U (38.0 мкг/л дейін), Mo (38.7 мкг/л дейін), Sr (3680 мкг/л дейін) және едәуір Ba (98.7 мкг/л дейін) ең үлкен мөлшерлері байқалатынын атап өтуге болады (7, 8-ші суреттер).



7-сурет. 2021 жылғы көктем мезгілінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің суларындағы U, Mo, Sr, Ba мөлшері (ИБП-МС, -АЭС деректері, 29-шы экспедиция)



8-сурет. 2021 жылғы күз мезгілінде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің суларындағы U, Mo, Sr, Ba мөлшері (ИБП-МС, -АЭС деректері. 30-шы экспедиция)

ИБП-МС, -АЭС деректері бойынша көктем мезгілінде келесі өзендердің суларының құрамындағы қоспа-элементтердің концентрациясы үлкен мәндерге ие, олардың кейбірін ШРК_{ҚР} [«Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10774 тіркелді] және (немесе) ШРК_{ДДҰ} [Guidelines for Drinking Water Quality, Fourth Edition, World Health Organization. 2017. 631 p.] мәндерімен салыстыруға болады, мкг/л:

- Шаған өз. (CH): P (ШРК_{ҚР}, элементар фосфор = 0.1 мкг/л) – 115, B (ШРК_{ҚР} = 500, ШРК_{ДДҰ} = 2400) – 241, Li (ШРК_{ҚР} = 30) – 14.7, Zn (ШРК_{ҚР}, Zn²⁺ = 5000, ШРК_{ДДҰ} = 10) – 23.2;
- Жайық өз. (UR) Cu (ШРК_{ҚР} = 1000, ШРК_{ДДҰ} = 2000) – 5.93, Ni (ШРК_{ҚР} = 100, ШРК_{ДДҰ} = 70) – 6.89, V (ШРК_{ҚР} = 100 мкг/л) – 4.09, Al (ШРК_{ҚР}, Al³⁺ = 500 мкг/л) – 90.3, Fe (ПДК нет) – 160, Mn (ШРК_{ҚР} = 100, ШРК_{ДДҰ} = 400) – 33.4, Zn – 24.6;
- Елек өз. (IK): As (ШРК_{ҚР} = 50, ШРК_{ДДҰ} = 10) – 2.25, Ni – 6.17, P – 87, V – 2.85, Al – 61.9, Ba (ШРК_{ҚР} = 100) – 53.3, Cr (ШРК_{ҚР}, Cr⁶⁺ = 50, ШРК_{ДДҰ} = 50) – 2.40,

- Елек өз. (ЕК):
 - Fe – 97.6,
 - Li – 11.2,
 - Zn – 19.3;
 - As – 2.37,
 - Ce (ШПК жоқ) – 0.54,
 - La (ШПК жоқ) – 0.25,
 - Nd (ШПК жоқ) – 0.26,
 - Co (ШПК_{ҚР} = 100 мкг/л) – 0.83,
 - Ni – 7.02,
 - Al – 151,
 - P – 656,
 - V – 3.29,
 - Al – 151,
 - B – 325,
 - Cr – 6.89,
 - Fe – 481,
 - Nd – 0.26,
 - La – 0.25,
 - Li – 19.8,
 - Mn – 72.1,
 - Zn – 31.4,
 - K – 6.76 мг/л;
- Тобыл өз. (ТО):
 - Ni – 7.39,
 - Pb (ШПК_{ҚР} = 30, ШПК_{ДДҰ} = 10) – 5.58,
 - B – 223
 - Li – 32.5,
 - Mn – 34.9;
- Ертіс өз. (PR):
 - Sb (ШПК_{ҚР} = 50, ШПК_{ДДҰ} = 20) – 1.02;
- Еміл өз. (EM):
 - As – 2.93,
 - B – 253,
 - Li – 12.0,
 - Mo (ШПК_{ДДҰ} = 70) – 16.5,
 - Sr (ШПК_{ҚР} = 7000) – 983,
 - Ca – 83.8 мг/л,
 - U (ШПК_{ДДҰ} = 30) – 13.9
 - Mg – 32.8 мг/л;
- Іле өз. (IL):
 - Ba – 51;
- Текес өз. (TK):
 - Pb – 1.04,
 - Al – 41.4,
 - Ba – 63;
- Шу өз. (SH):
 - As – 2.53,
 - Co – 0.61,
 - P – 58.8,
 - Ba – 78.4,
 - Zn – 29.5,
 - U – 21.3;
- Қарабалта өз. (KB):
 - As – 3.87,
 - Mo – 28.1,
 - Sb – 1.32,
 - U – 38.0,
 - V – 3.73,
 - Al – 56.6,
 - B – 255,

- Ba – 60.3,
 - Li – 27.1,
 - Sr (ШРК_{ҚР} = 7000) – 2590,
 - Ca – 97.5 мг/л,
 - K – 7.34 мг/л,
 - Mg – 64.7 мг/л;
- Талас өз. (ТА): Ba (ШРК_{ҚР} = 100, ШРК_{ДДҰ} = 700) – 87.4;
- Сырдария өз. (SD): B - 199,
Ba – 52.5,
Li – 18.8,
Sr – 1920,
Mg – 47 мг/л.

Күзгі кезеңде келесі өзендердің суларының құрамында қоспа-элементтер концентрациясы деңгейіндегі, ШРК мәндеріне жақын жекелеген қоспа-элементтер бар:

- Шаған өз. (CH): Cu (ШРК_{ҚР} = 1000, ШРК_{ДДҰ} = 2000) – 12.9,
P (ШРК_{ҚР}, элементар фосфор = 0.1 мкг/л) – 289,
Li (ШРК_{ҚР} = 30) – 33.6;
- Жайық өз. (UR) Cu – 16.7,
Sb (ШРК_{ҚР} = 50, ШРК_{ДДҰ} = 20) – 2.48
V (ШРК_{ҚР} = 100 мкг/л) – 4.19,
Ba (ШРК_{ҚР}, Ba²⁺ = 100 мкг/л, ШРК_{ДДҰ} = 700 мкг/л) – 60.9;
- Елек өз. (IK): Cu – 14.7,
Ba – 60.7,
Sr (ШРК_{ҚР} = 7000) – 1080,
Li – 30.4;
- Елек өз. (EK): Ce (ШРК жоқ) – 0.24,
Al (ШРК_{ҚР}, Al³⁺ = 500 мкг/л) – 31.6,
Ba – 61.1,
Cr (ШРК_{ҚР}, Cr⁶⁺ = 50, ШРК_{ДДҰ} = 50) – 19.5,
Fe (ШРК_{ҚР} = 300 мкг/л, ШРК_{ДДҰ} = 2000 мкг/л) – 111,
Mn (ШРК_{ҚР} = 100, ШРК_{ДДҰ} = 400) – 88.8;
- Тобыл өз. (TO): As (ШРК_{ҚР} = 50, ШРК_{ДДҰ} = 10) – 5.0,
Ni (ШРК_{ҚР} = 100, ШРК_{ДДҰ} = 70) – 21.5,
P – 131,
Zn (ШРК_{ҚР}, Zn²⁺ = 5000, ШРК_{ДДҰ} = 10) – 9.7;
- Ертіс өз. (PR): Zn – 13.6;
- Ертіс өз. (IR): Pb (ШРК_{ҚР} = 30, ШРК_{ДДҰ} = 10) – 8.35;
- Еміл өз. (EM): As -4.4,
U (ШРК_{ДДҰ} = 30) – 20.3,
Mo – (ШРК_{ҚР} = 250 мкг/л, ШРК_{ДДҰ} = 70 мкг/л) – 38.7,
B (ШРК_{ҚР} = 500, ШРК_{ДДҰ} = 2400) – 371;
- Шу өз. (SH): U – 28.6;
- Қарабалта өз. (KB): As – 4.5,
Co (ШРК_{ҚР} = 100 мкг/л) – 0.78,
Ni – 14.6,
U – 33.4,
Sr – 3680,
Mo – 20.5,
Li – 36.8,
Mn -555;

- Талас өз. (ТА): Ba – 98.7,
Cr – 3.0;
- Сырдария өз. (SD): Ni – 11.7,
Sr – 3210,
Li – 32.7,
Zn – 16.1
B – 290.

Келесі маңызды жағдайды қайталап атап өту қажет деп есептейміз. Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында судағы уран (химиялық элемент ретінде) үшін ШРК мәні келтірілмеген. Сонымен бірге, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) ұсынымдарына сәйкес химиялық қауіптілік бойынша уран 1-ші класқа жатқызылған және ауыз сулардағы оның мөлшері үшін ШРК=30 мкг/л мәні белгіленді. Осы нормативтерді ескере отырып, Қарабалта өзенінің суларындағы уранның мөлшері (38.0 мкг/л) (29-шы экспедицияда алынған су сынамаларын ИБП -МС, -АЭС әдістерімен талдау деректері бойынша, 23-қосымша) ШРК=30 мкг/л мәнінен 27%-дан асып кетеді.

ҚР Санитариялық қағидаларына сәйкес, қауіптіліктің 1 және 2-ші класына жататын заттардың жиынтықтау қасиеті бар, яғни қауіпті кластағы бірнеше зат болған жағдайда ластанудың қосындылық көрсеткіші – зияндылықтың лимиттік көрсеткіші есептеледі.

$$K_{злк} = \sum_{i=1}^n C_i / PШК_i ,$$

ол үшін қауіптіліктің 1 және 2-ші класы элементтерінің анықталған концентрациясы қосындысының олардың судағы ШРК-ның мәніне қатынасы 1.0-ден аспауы тиіс. Осы талапқа сүйеніп, көктемде және күзде іріктеліп алынған барлық зерделенген көздердің суларына арнап $K_{злк}$ мәндерін есептедік. Бұл ретте, қауіптіліктің 2-ші класына жататын элементтердің шектеулі тізімі назарға алынды, олар: Al, As, B, Ba, Li, Mo, Pb, Sb, Sr. Нәтижелері 1- және 2-кестелерде көрсетілген.

1-кесте. Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының Қазақстан Республикасының нормативтері бойынша $K_{злк}$ мәндері (ИБП -МС, -АЭС деректері), 29-шы экспедиция

Сынама коды	Al С/ШРК	As С/ШРК	B С/ШРК	Ba С/ШРК	Li С/ШРК	Mo С/ШРК	Pb С/ШРК	Sb С/ШРК	Sr С/ШРК	$K_{злк}$ (ҚР)
CH-WD29	0.05	0.04	0.48	0.27	0.49	0.004	0.008		0.07	1.41
UR-WD29	0.18	0.04	0.21	0.42	0.17	0.005	0.027		0.06	1.11
IK-WD29	0.12	0.05	0.32	0.53	0.37	0.005	0.014		0.06	1.47
EK-WD29	0.3	0.05	0.65	0.49	0.66	0.005	0.033		0.09	2.28
TO-WD29		0.03	0.45	0.41	1.08	0.011	0.186		0.09	2.26
AY-WD29		0.02	0.25	0.38	0.27	0.008	0.013		0.07	1.01
PR-WD29	0.02	0.03	0.09	0.25	0.11	0.009	0.006	0.02	0.04	0.57
IR-WD29	0.04		0.05	0.17	0.1	0.015	0.022	0.02	0.03	0.45
EM-WD29		0.06	0.51	0.38	0.4	0.066	0.012		0.14	1.57
IL-WD29	0.01	0.03	0.12	0.51	0.17	0.014	0.012		0.06	0.93
TK-WD29	0.08		0.1	0.63	0.22	0.008	0.035		0.09	1.16
SH-WD29	0.05	0.05	0.31	0.78	0.27	0.028	0.011		0.12	1.62
KB-WD29	0.11	0.08	0.51	0.6	0.9	0.112	0.007	0.03	0.37	2.72
TA-WD29	0.04		0.19	0.87	0.2	0.011	0.015	0.01	0.09	1.43
SD-WD29		0.03	0.4	0.52	0.63	0.032			0.27	1.88
ШРК, мкг/л	500	50	500	100	30	250	30	50	7000	

2-кесте. Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының Қазақстан Республикасының нормативтері бойынша $K_{злк}$ мәндері (ИБП -МС, -АЭС деректері), 30-шы экспедиция

Сынама коды	Al С/ШПК	As С/ШПК	B С/ШПК	Ba С/ШПК	Li С/ШПК	Mo С/ШПК	Pb С/ШПК	Sb С/ШПК	Sr С/ШПК	$K_{злк}$ (ҚР)
CH-WD30	0.043	0.068	0.45	0.53	1.12	0.006		0.015	0.138	2.4
UR-WD30	0.033		0.24	0.61	0.43	0.01		0.05	0.103	1.5
IK-WD30	0.056	0.049	0.42	0.61	1.01	0.008			0.154	2.3
EK-WD30	0.063	0.041	0.37	0.61	0.73	0.007	0.014		0.126	2.0
TO-WD30	0.013	0.101	0.31	0.41	0.82	0.012	0.004		0.102	1.8
AY-WD30		0.037	0.28	0.47	0.78	0.007	0.005		0.102	1.7
PR-WD30	0.049	0.034	0.08	0.3	0.16	0.013	0.006		0.031	0.7
IR-WD30	0.023			0.09	0.08	0.011	0.278		0.013	0.5
EM-WD30	0.014	0.087	0.74	0.4	0.8	0.155			0.159	2.4
IL-WD30		0.045	0.12	0.46	0.22	0.016			0.069	0.9
TK-WD30			0.01	0.33	0.12	0.006			0.045	0.5
SH-WD30	0.023	0.044	0.26	0.55	0.34	0.024	0.01		0.136	1.4
KB-WD30	0.045	0.089	0.4	0.38	1.23	0.082	0.023		0.526	2.8
TA-WD30	0.039	0.02	0.12	0.99	0.25	0.009	0.006		0.097	1.5
SD-WD30		0.069	0.58	0.46	1.09	0.038	0.04		0.459	2.7
ШПК, мкг/л	500	50	500	100	30	250	30	50	7000	

Салыстыру үшін осындай есептеулер қауіптіліктің 1 және 2-ші класына жататын: As; B, Ba, Mo, Pb, Sb, U элементтеріне арналып ШПК_{ДДҰ} мәндері бойынша жүргізілді (3- және 4-кестелер).

3-кесте. Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының ДДҰ нормативтері бойынша $K_{злк}$ мәндері (ИБП -МС, -АЭС деректері), 29-шы экспедиция

Сынама коды	As С/ШПК	B С/ШПК	Ba С/ШПК	Mo С/ШПК	Pb С/ШПК	Sb С/ШПК	U С/ШПК	$K_{злк}$ (ДДҰ)
CH-WD29	0.18	0.1	0.04	0.01	0.02		0.02	0.37
UR-WD29	0.19	0.04	0.06	0.02	0.08		0.06	0.45
IK-WD29	0.23	0.07	0.08	0.02	0.04		0.03	0.47
EK-WD29	0.24	0.14	0.07	0.02	0.1		0.11	0.68
TO-WD29	0.16	0.09	0.06	0.04	0.56		0.10	1.01
AY-WD29	0.1	0.05	0.05	0.03	0.04		0.17	0.44
PR-WD29	0.13	0.02	0.04	0.03	0.02	0.05	0.14	0.43
IR-WD29		0.01	0.02	0.05	0.07	0.05	0.24	0.44
EM-WD29	0.29	0.11	0.05	0.24	0.04		0.46	1.19
IL-WD29	0.17	0.02	0.07	0.05	0.03		0.22	0.56
TK-WD29		0.02	0.09	0.03	0.1		0.19	0.43
SH-WD29	0.25	0.06	0.11	0.1	0.03		0.71	1.26
KB-WD29	0.39	0.11	0.09	0.4	0.02	0.07	1.27	2.35
TA-WD29		0.04	0.12	0.04	0.05	0.03	0.31	0.59
SD-WD29	0.17	0.08	0.07	0.11			0.28	0.71
ШПК, мкг/л	10	2400	700	70	10	20	30	

4-кесте. Қазақстанның трансшекаралық өзендері суларының ДДҰ нормативтері бойынша $K_{злк}$ мәндері (ИБП -МС, -АЭС деректері), 30-шы экспедиция


Сынама коды	As	С/ШПК	В	Ва	Мо	Рb	Sb	U	$K_{злк}$ (ДДҰ)
		С/ШПК	С/ШПК	С/ШПК	С/ШПК	С/ШПК	С/ШПК	С/ШПК	
CH-WD30	0.34		0.09	0.08	0.02		0.04	0.04	0.61
UR-WD30			0.05	0.09	0.04		0.12	0.12	0.42
IK-WD30	0.24		0.09	0.09	0.03			0.07	0.52
EK-WD30	0.20		0.08	0.09	0.02	0.04		0.09	0.52
TO-WD30	0.50		0.06	0.06	0.04	0.01		0.10	0.77
AY-WD30	0.18		0.06	0.07	0.02	0.01		0.08	0.42
PR-WD30	0.17		0.02	0.04	0.05	0.02		0.10	0.40
IR-WD30				0.01	0.04	0.83		0.08	0.96
EM-WD30	0.44		0.15	0.06	0.55			0.68	1.88
IL-WD30	0.22		0.02	0.07	0.06			0.14	0.51
TK-WD30			0.002	0.05	0.02			0.08	0.15
SH-WD30	0.22		0.05	0.08	0.08	0.03		0.95	1.41
KB-WD30	0.45		0.08	0.05	0.29	0.07		1.11	2.05
TA-WD30	0.10		0.03	0.14	0.03	0.02		0.29	0.61
SD-WD30	0.35		0.12	0.07	0.14	0.12		0.45	1.25
ШПК, мкг/л	10		2400	700	70	10	20	30	

1–4-ші кестелерде ұсынылған нәтижелер ҚР трансшекаралық өзендерінің сулары $K_{злк}$ көрсеткіші бойынша сындық ахуалда екенін куәландырады. ҚР нормативтері бойынша осы өзендердің суларына арналған $K_{злк}$ көрсеткіші көктемде 12 бақылау пунктінде (БП) және күзде – 15 БП ішінен 11-інде 1.0 санитариялық мәнінен асады. ДДҰ нормалары бойынша $K_{злк}$ көрсеткішінің асуы көктемде Қазақстанның трансшекаралық өзендерінің 4 пунктінде, ал күзде 4 БП байқалады. Сонымен бірге, $K_{злк}$ көрсеткіштеріне уран елеулі үлес қосады. ДДҰ мен ҚР $K_{злк}$ көрсеткіштерінің елеулі айырмашылығы ДДҰ-да U (15 мкг/л орнына 30 мкг/л) және В (500 мкг/л орнына 2400 мкг/л) үшін ШПК жаңа уақытша нормативтерінің енгізілуімен түсіндіріледі.

Жоғарыда айтылғанға қосымша, 29-шы және 30-шы экспедициялар барысында, тапсырыс беруші мен орындаушының келісімі бойынша (жоспарланған жұмыстарға қосымша), Жайық өзенінің (UR) жағалауында хромның таралуын зерттеу үшін тереңдігі 1 м дейінгі 4 шурф жасалды, олардан келесі 11 қабат бойынша топырақ сынамалары іріктеліп алынды, см: 0-5, 5-10, 10-20, 20-30, 30-40, 40-50, 50-60, 60-70, 70-80, 80-90, 90-100. Бұл ретте, негізгі «А» шурфы топырақ сынамаларын іріктеп алу орнында жасалды. Екінші «В» шурфы Жайық өзенінің бойымен және ағысымен жоғары қарай «А» шурфынан ~ 50 м қашықтықта орналастырылды, үшінші «С» шурфы да - Жайық өзенінің бойымен, бірақ ағысымен төмен қарай «А» шурфынан 50 м қашықтықта орналастырылды. Төртінші «D» шурфы Жайық өзеніне қарама-қарсы бағытта «А» шурфынан 50 м қашықтықта жасалды.

2021 жылдың көктемінде және күзінде (29- және 30-экспедиция) іріктеліп алған осы топырақ сынамаларын РФТ әдісімен талдау нәтижелері 25- және 26-қосымшаларда келтірілген.

9-суретте төрт шурфтың әрқайсысындағы топырақ қабатының тереңдігі бойынша Cr 2021 жылдың көктемгі және күзгі маусымдарындағы үлестірілуі көрсетілген.



9-сурет – 2021 ж. көктемінде (жоғарғы) және күзінде (төменгі) Жайық өзені жағалауындағы жеке шурфтарда топырақ қабатының тереңдігі бойынша хромның үлестірілуі

Бұдан бөлек, алынған деректердің негізінде 10-40 см, 40-70 см, 70-100 см және 0-100 см топырақ қабаттары үшін хром концентрациясының орташа мәндері есептелді (әр шурф үшін жеке-жеке). Жүргізілген есептеулердің нәтижелері, сондай-ақ 0-5 және 5-10 см топырақ қабаттарындағы осы элементтің мөлшері туралы деректер мен осы топырақ қабаттарының әрқайсысындағы Cr концентрациясының (барлық 4 шурф бойынша) орташа мәндері 5-кестеде (көктем) және 6-кестеде (күз) ұсынылған.


5-кесте. 2021 жылы көктемде Жайық өзенінде шурф әдісімен іріктеліп алынған жағалық топырақ сынамаларындағы хромның мөлшерін анықтау нәтижелері (29-шы экспедиция), мкг/г

Топырақ қабаттары, см	А шурфы	В шурфы	С шурфы	Д шурфы	Бүкіл шурфтар бойынша орташа мәні
0-5	418	534	420	333	426±59
5-10	457	471	410	255	398±70
10-40	435	476	446	309	416±52
40-70	496	362	485	458	450±44
70-100	967	495	521	475	615±168
0-100	597	455	472	392	479±61

6-кесте. 2021 жылы күзде Жайық өзенінде шурф әдісімен іріктеліп алынған жағалық топырақ сынамамаларындағы хромның мөлшерін анықтау нәтижелері (30-шы экспедиция), мкг/г

Топырақ қабаттары, см	А шурфы	В шурфы	С шурфы	Д шурфы	Бүкіл шурфтар бойынша орташа мәні
0-5	420	496	561	407	471.0±51.0
5-10	430	526	494	420	467.5±36.2
10-40	440	514	485	437	469.0±26.3
40-70	483	478	500	425	471.4±23.2
70-100	501	502	522	411	483.8±35.3
0-100	466	500	507	422	473.7±27.6

Осы зерттеулердің нәтижелері Cr құрамының өте айтарлықтай мөлшері Жайық өзенінің жағасында тереңдігі 1 м дейінгі топырақ қабатына сәйкес келетінін көрсетеді. Бұл улы элемент концентрациясының орташа мәні (қауіптің 2-ші класы) 476 мкг/г зерттелген аумақта жер қыртысы үшін кларк мәнінен шамамен 5 есе жоғары (А.П. Виноградов бойынша – 83 мкг/г, С.Р. Тейлор бойынша – 100 мкг/г). Топырақ қабатында (70-90) см, А шурфы жасалған орында 2021 жылдың көктем кезеңінде Cr концентрациясы 1180 мкг/г құрады, бұл кларк мәнінен ~12 есе асады. Дұрысы бұл зерттеуді 2022 жылдың көктемінде және күзінде жалғастыру керек. Ол үшін, 31-ші және 32-ші экспедициялар барысында тереңдігі 1 м дейінгі 4 шурф жасалуы керек, олардан келесі 11 қабат бойынша топырақ сынамамалары іріктеліп алынады, см: 0-5, 5-10, 10-20, 20-30, 30-40, 40-50, 50-60, 60-70, 70-80, 80-90, 90-100. ШФ1, ШФ2, ШФ3, ШФ4 шурфтарынан топырақ сынамамаларын іріктеп алуды 10-суретте көрсетілген схемаға сәйкес жүргізуді ұсынамыз. Осы жоспарға сәйкес жалғасып келе жатқан зерттеулер осы аумақтағы аномальды мөлшерде хромды қалыптастыру көздерін айқындауға және механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді.



А, В, С, Д шурфтары – 2021 жылы топырақ сынамамаларын іріктеп алу орындары
ШФ1, ШФ2, ШФ3, ШФ4 шурфтары – 2022 жылы топырақ сынамамаларын іріктеп алу орындары

10-сурет – 2022 жылы қабаттық топырақ сынамамаларын іріктеп алу схемасы

Мониторинг жүйесіне Жайық өзенінің сағасында (Атырау қаласынан төмен) тағы бір бақылау пунктін енгізу орынды деп санаймыз, ол бағалы

тұқымды балық түрлерінің, ең алдымен – бекіре тұқымдас балық түрлерінің мекен ортасы болып табылады. Олардың 2019 жылы қырылуына құрамында уытты элементтердің концентрациясы көп мөлшерде болған қалдықтардың дүркінді шығарындылары себеп болуы мүмкін. COVID-19 себепті елде қалыптасқан шиеленіскен экономикалық жағдайды ескере отырып, мониторинг жүйесіне осы қосымша бақылау пунктiнiң енгiзiлгендiгiнен аналитикалық жұмыстар көлемiнiң көбеюiне байланысты қаржылық мәселе ақылға қонымды түрде талқыланып, келiсiлуi мүмкiн.

Негiзгi нәтижелер мен қорытындылар

1. 2021 жылдың көктемiнде (29-шы экспедиция) және күзiнде (30-шы экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП iрiктеп алынған топырақ, түптiк шөгiндiлер үлгiлерiнiң, сондай-ақ су үлгiлерiнiң ерiгiш және ерiмейтiн құрауыштарының радионуклидтiк талдауы аспаптық гамма-спектрометрия (АГС) әдiсiмен орындалды.
2. 2021 жылдың көктемiнде (29-шы экспедиция) және күзiнде (30-шы экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП iрiктеп алынған топырақ және түптiк шөгiндiлер үлгiлерiнiң элементтiк құрамы рентгенфлуоресценттiк талдау (РФТ) әдiсiмен анықталды.
3. 2021 жылдың көктемiнде (29-шы экспедиция) және күзiнде (30-шы экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП iрiктеп алынған топырақ және түптiк шөгiндiлер үлгiлерiнiң элементтiк құрамы, сондай-ақ су үлгiлерiнiң ерiгiш (WD) және ерiмейтiн (WS) құрауыштары нейтрон-активациялық талдау (НАТ) әдiсiмен анықталды.
4. 2021 жылдың көктемiнде (29-шы экспедиция) және күзiнде (30-шы экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП iрiктеп алынған су үлгiлерiнiң ерiгiш құрауыштарында U-234, U-238 және Ra-226 радионуклидтердiң концентрациялары радиохимиялық талдау (РХТ) әдiсiмен анықталды.
5. 2021 жылдың көктемiнде (29-шы экспедиция) және күзiнде (30-шы экспедиция) Қазақстанның трансшекаралық өзендер алаптарының 15 БП iрiктеп алынған су үлгiлерiнiң ерiгiш құрауыштарына (WD) элементтiк талдау индуктивтi-байланысқан плазмалы масс-спектрометрия (ИБП -МС, -АЭС) әдiсiмен орындалды.
6. АГС әдiсiмен алынған жаңа деректер негiзiнде мониторингтiк БП арасында табиғи радионуклидтердiң концентрацияларының ең үлкен мәнi Оңтүстiк және Оңтүстiк-Шығыс Қазақстанның: Текес, Iле, Шу, Қарабалық, Талас, Сырдария өзендерiнiң топырақтары мен түптiк шөгiндiлерiне сәйкес келетiнi туралы бұрын жасалған қорытынды расталды. Бұдан басқа, ТРН едәуiр мөлшерi Ресей шекарасына жақын Ертiс (PR) өзенiнiң түптiк шөгiндiлерiнен табылды. Бұл БП түптiк шөгiндiлерде барлық дерлiк 238U және 232Th ТРН топтарының мөлшерi IR бақылау пунктiндегi осы өзеннiң жоғарғы жақтарына қарағанда шамамен 2 есе көп. Бұл Ертiс өз. осы ТРН-мен Қазақстан аумағында ластанатынын бiлдiредi.

7. РФТ және НАТ әдістерімен алынған жаңа деректер негізінде сілтілі және сілтілі жер элементтерінің (K, Ca, Rb, Cs, Sr, Ba) ең көп мөлшері Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзендерінің топырағында және түптік шөгінділерінде байқалғаны туралы бұрын жасалған қорытынды расталды. Ертіс өз. PR бақылау пунктінде іріктеліп алынған түптік шөгінділерде СЖМ және As, Zn, Sb, U сияқты уытты элементтерді қоса алғанда, 20-дан астам элементтердің жоғары концентрацияларында (IR бақылау пунктіне қарағанда 2-4 есе көп) бар екендігі анықталды. Сонымен қатар, ең ластанған химиялық элементтер Ертіс өз.(Павлодар облысы), Шу өз., Қарабалта өз., Талас және Сырдария өзендерінің арналары болып табылады. Барлық осы өзендердің ластану көздерін анықтау және механизмдерін айқындау үшін арнайы қосымша зерттеулер жүргізу қажет.
8. Радиохимиялық талдау (РХА) әдісімен алынған жаңа деректер негізінде U-234 және U-238 уран изотоптары мөлшерінің ең үлкен мәні Оңтүстік, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзендерінің суларына сәйкес келеді: Қарабалта өзені, Шу өзені, Еміл өзені, Сырдария өзені. Сонымен қатар, радиациялық белгісі бойынша бұл ластану тірі организмдерге және қоршаған ортаға қауіп төндірмейді.
9. НАТ және ИБП -МС, -АЭС әдістерімен алынған жаңа деректер негізінде, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан өзендерінің (Еміл, Шу, Қарабалта және Сырдария) суларына Li, B, Sr, As, Mo және U сияқты уытты элементтердің айтарлықтай мөлшері сәйкес келетіні туралы бұрын жасалған қорытынды расталды. Сонымен қатар, ҚР нормативтеріне сәйкес көптеген бақылау пунктіндегі өзен суларының жиынтық уыттылық көрсеткіші ҚР Санитарлық ережелерімен қарастырылған нормативтік мәннен асатыны анықталды. Мұндай суды ҚР тиісті қадағалау органдарының келісімінсіз ішуге пайдалануға болмайды.
10. Жайық өз. жағасының 4 бөлігінен көктемде және күзде іріктеліп алынған (шурф) топырақ сынамаларының элементтік құрамы РФТ әдісімен анықталды. Барлық зерделенген топырақ сынамаларында хромның жоғары мөлшерде болатыны анықталды. Әдеби дереккөздерден бұл аумақтағы Cr қоршаған ортаға және тірі ағзаларға қауіп тудыратын алтывалентті пішінде болатындығы белгілі. Айқындалған ауытқулардың табиғатын және оларды қалыптастырған механизмдерді анықтау үшін осы зерттеуді жалғастыру жоспары белгіленген.

**Жер үсті суларының сапасы туралы ақпарат
2021 жылға ҚР трансшекаралық өзендері**

ҚР-РФ трансшекаралық өзендердің су сапасы келесідей бағаланады:

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Ертіс өзені Прииртышское а., гидрологиялық бекет тұстамасында	1 класс	
Есіл өзені Долматово а. 0,4 км төмен	4 класс	магний – 30,1 мг/дм ³ , фенолдар* – 0,0018 мг/дм ³ . Магний мен фенолдың концентрациясы фондық кластан асады.
Тобыл өзені Аққарға а.тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 1 км, су бекеті тұстамасы	нормаланбайды (>5 класс)	қалқыма заттар – 53,0 мг/дм ³ , кальций – 322,6 мг/дм ³ , магний – 349,5 мг/дм ³ , минерализация – 5018,7 мг/дм ³ , ОХТ – 51,4 мг/дм ³ , хлоридтер – 2543,5 мг/дм ³ . Кальций, магний, минерализация, хлоридтер, қалқыма заттар, ОХТ концентрациялары фондық кластан асады.
Тобыл өзені Милютинка а. тұстамасы, ауыл шегінде, су бекеті тұстамасында	нормаланбайды (>5 класс)	қалқыма заттар – 37,8 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.
Әйет өзені, Варваринка а. тұстамасы, су бекеті тұстамасындағы селодан 0,2 км жоғары	5 класс	қалқыма заттар – 29,9 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.
Обаған өзені, Ақсуат к. тұстамасы, су бекеті тұстамасындағы селодан Ш қарай 4 км	нормаланбайды (>5 класс)	қалқыма заттар - 82,2 мг/дм ³ , магний – 186,5 мг/дм ³ , минерализация – 6646,4 мг/дм ³ , ОХТ – 40,5 мг/дм ³ , сульфаттар – 1614,9 мг/дм ³ , хлоридтер – 1442,2 мг/дм ³ . Магний, минерализация, сульфаттар, хлоридтер, ОХТ, қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.
Тоғызак өзені, Тоғызак ст. тұстамасы, Тоғызак ст. СШ қарай 1,5 км, су бекеті тұстамасында	нормаланбайды (>5 класс)	қалқыма заттар – 37,5 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.
Тоғызак өзені, Михайловка к., тұстамасы, ауылдан СБ қарай 1,1 км, су бекеті тұстамасында	4 класс	магний- 57,0 мг/дм ³ .
Үй өзені, Уйское а. тұстамасы, Уйское а Ш қарай 0,5 км, г/б тұстамасында	нормаланбайды (>5 класс)	қалқыма заттар – 44,15 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.
Желқуар өзені, Чайковское а тұстамасы, ауылдан ОШ қарай 0,5 км, г/б тұстамасында	нормаланбайды (>5 класс)	қалқыма заттар – 45,45 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.
Жайық өзені, Январцево ауылы тұстамасы	4 класс	қалқыма заттар – 20,6 мг/дм ³ , фенолдар* - 0,0014 мг/дм ³ , Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады. Фенолдардың концентрациясы фондық кластан аспайды.
Шаған өзені тұстама Чувашинский ауылы	3 класс	Жалпы фосфор – 0,254 мг/дм ³ , фосфаттар – 0,687 мг/дм ³ .
Қараөзен өзені, Жалпақтал ауылы тұстамасы	нормаланбайды (>5 класс)	хлоридтер – 415,12 мг/дм ³ . Хлоридтер концентрациясы фондық кластан аспайды.
Сарыөзен өзені, Бостандық ауылы тұстамасы	4 класс	қалқыма заттар – 21,667 мг/дм ³ , фенолдар* – 0,0016 мг/дм ³ , фосфаттар – 0,735 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың, фенолдардың

		концентрациясы фондық кластан асады.
Елек өзені , Ақтөбе облысы, Целинный ауылынан 1,0 км оңтүстік – шығысқа, Елек өзенінің сол жақ жағалауы	4 класс	магний – 33,69 мг/дм ³ , фенолдар* – 0,0023 мг/дм ³ , хром(6+) – 0,072 мг/дм ³ . Магнийдің, фенолдардың, хром(6+) концентрациясы фондық кластан асады.
Елек өзені , Шілік ауылы тұстамасы	4 класс	фосфаттар – 0,748 мг/дм ³ , фенолдар* - 0,0012 мг/дм ³ . Фенолдардың концентрациясы фондық кластан аспайды.
Үлкен Қобда , Қобда ауылы, Новоалексеевка ауылының шетінен оңтүстік-шығысқа 1 км, Темірбетонды автожол көпірінен (белдемінен) 400 м төмен	4 класс	қалқыма заттар – 14,98 мг/дм ³ , фенолдар* - 0,0017 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың және фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.
Ор өзені , Бөгетсай ауылы, ауылдан 0,3 км төмен, Бөгетсай өзенінің құйылысынан 0,2 км төмен:	4 класс	аммоний-ион– 1,45 мг/дм ³ , магний – 30,1 мг/дм ³ , фенолдар* - 0,002 мг/дм ³ . Аммоний-ион, магний және фенолдардың концентрациясы фондық кластан асады.
Шаронова тармағы , Ганюшкино а., су бекетінің тұстамасы	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар – 142,9 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.
Қиғаш өзенінің саласы , Котяевка а. су бекетінің тұстамасы	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар – 153,7 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

Қазақстан Республикасы – Өзбекстан Республикасы трансшекаралық өзендердің су сапасы келесідей бағаланады:

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Сырдария өзені , Көкбұлақ ауылы (бекеттен солтүстік – солтүстік батысқа қарай 10,5 км) тұстамасы	4 класс	сульфаттар – 525,1 мг/дм ³ , фенолдар* – 0,0014 мг/дм ³ . Сульфаттардың концентрациясы фондық кластан асады, фенолдардың концентрациясы фондық кластан аспайды.
Сырдария өзені , Азаттық ауылы (ауылдан 5 км –Сырдария өзені арқылы көпір) тұстамасы	4 класс	сульфаттар – 526,8 мг/дм ³ , фенолдар*- 0,0013 мг/дм ³ .
Келес өзені , Келес өзенінің сағасынан 1,2 км жоғары тұстамасы	4 класс	сульфаттар – 564,3 мг/дм ³ , фенолдар* – 0,0014 мг/дм ³ . Магнийдің және фенолдардың концентрациясы фондық кластан аспайды.

Қазақстан Республикасы – Қырғызстан Республикасы трансшекаралық өзендердің су сапасы келесідей бағаланады:

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Шу өзені , Қайнар а. (Благовещенское а.) тұстамасы	нормаланбайды (>3 класс)	Фенолдар – 0,0014 мг/дм ³ . Фенолдың концентрациясы фондық кластан аспайды.
Талас өзені , Жасөрген а. 0,7 км жоғары тұстамасы	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар – 57,8 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.
Асса өзені , Маймақ т/ж станциясы тұстамасы	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар – 51,0 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады..
Ақсу өзені , Ақсу а. 0,5 км жоғары, Ақсу өзені сағасынан 10 км тұстамасы	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар – 187,3 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады..
Тоқташ өзені , Қырғызстанмен шекарада, Жауғаш Батыр а. ауыл шетіндегі өзен сағасынан 78 км	нормаланбайды (>5 класс)	Қалқыма заттар – 102,3 мг/дм ³ . Қалқыма заттардың концентрациясы фондық кластан асады.

қашықтықта тұстамасы		
Қарабалта өзені , Қырғызстанмен шекарада, Баласағұн а., өзен сағасынан 29 км тұстамасы	5 класс	Сульфаттар – 674,3 мг/дм ³ . Сульфаттардың концентрациясы фондық кластан асады..
Сарықау өзені , Қырғызстанмен шекарада, Шу өзеніне құйғанға дейін 35км, Мерке ауылынан 63 км тұстамасы	нормаланбайды (>5 класс)	Сульфаттар – 459,3 мг/дм ³ , магний – 59,8 мг/дм ³ , фенолдар* – 0,0016 мг/дм ³ . Сульфаттар, магний және фенолдардың концентрациялары фондық кластан аспайды.
Қарқара өзені , қаладан шыққанда (су бекеті тұстамасында)	3 класс	магний – 21,9 мг/дм ³ . Магний концентрациясы фондық кластан асады.

Қазақстан Республикасы – Қытай Халық Республикасы трансшекаралық өзендердің су сапасы келесідей бағаланады:

Су объектісі және тұстама	Физика-химиялық параметрлердің сипаттамасы	
Қара Ертіс өзені , Боран ауылы (Боран а. аймағында) өзен айлағынан 0,3 км жоғары (су бекеті тұстамасында)	1 класс	
Емел өзені , Емел өз. – Қызылту а., тұстамасы	4 класс	магний – 39,6 мг/дм ³ . Магний концентрациясы фондық кластан асады.
Іле өзені , тұстама Добын ай. (су бекеті тұстамасында)	3 класс	магний -22,9 мг/дм ³ , аммоний-ионы -0,52 мг/дм ³ . Магний және аммоний-ион концентрациялары фондық кластан асады.
Текес өзені , Текес өз. - Текес а., (су бекеті тұстамасында)	3 класс	магний -23,1 мг/дм ³ , аммоний-ионы -0,54 мг/дм ³ . Магний және аммоний-ион концентрациялары фондық кластан асады.
Қорғас өзені , тұстама Басқұншы а. (су бекеті тұстамасында)	3 класс	магний -20,3 мг/дм ³ . Магний концентрациясы фондық кластан асады.
Қорғас өзені , Ынталы заставасы тұстамасында	3 класс	Аммоний-ионы-0,55 мг/дм ³ . Аммоний-ион концентрациялары фондық кластан асады.
Баянкөл өзені , Баянкөл а., (су бекеті тұстамасында)	2 класс	Жалпы фосфор-0,185 мг/дм ³ . Жалпы фосфор концентрациясы фондық кластан асады.

**2021 жылға жер үсті суларының жоғары
және экстремалды жоғары ластану жағдайлары**

